КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2025 жылғы 19 маусым №7119-25-00-2/6037 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Г.М.Баткалова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Астана Опера» Мемлекеттік опера және балет театры» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Құлназар» в лице - Құлназар Аймұрат Амандықұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 272, 273-баптарының, 277-бабының 1-бөлігінің талаптарына сәйкес, Міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс. Заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді. Егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Заңының 8-бабының 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі жеңімпаз деп айқындалған, шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 5) тармағында осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімін уәкілетті орган тапсырыс берушінің әлеуетті өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы шешімі негізінде қалыптастырады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 26 қыркүйектегі №646 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді қалыптастырудың және жүргізудің қағидаларының (бұдан әрі – Қағида) 19-тармағының 2) тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміжеңімпаз деп айқындалған, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілер тізбесін білдіреді.

Қағиданың 21 бабына сәйкес, осы Қағидалардың 19-тармағының 2) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған жеңімпаздар деп айқындалған әлеуетті өнім берушілер (екінші орын алған және бір көзден жасалатын тәсілмен жасалатын шарттар бойынша шарт жасасудан оған қол қоймау арқылы жалтарған әлеуетті өнім берушілерді қоспағанда) бойынша қалыптастырылады.

Іс материалдарына қарағанда, «бір көзден сатып алу» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде 08.04.2025 жылғы нәтижелер хаттамасына сәйкес, жауапкермен 2 шарт жасалған.

«Астана Опера» Мемлекеттік опера және балет театры» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (Тапсырыс беруші) мен жеке кәсіпкер «Құлназар» в лице - Құлназар Аймұрат Амандықұлы (Өнім беруші) арасында түзілген 14.04.2025 жылғы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №132 шартқа сәйкес, Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес 14.05.2025 жылға дейін 2 лот бойынша 150 дана 292 500 теңгеге тауар «Клеммалы қалып» жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

Шарттың 3.1. тармағының 2) тармақшасына сәйкес, Өнім беруші Шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы құрайтын Шарттың сомасының 14 625.00 теңгеге тең бес пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын, бұл жалпы 14 625.00 ((он төрт мың алты жүз жиырма бес тенге нөл тиын)) теңгені құрайды:

әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша;

не:

Документ подписан: Баткалова Г. М., 19.06.2025

Дата вступления в законную силу: 28.07.2025, судья Бертыбаева С. Т., 28.07.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 44-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 45-қосымшаға сәйкес үлгілік нысан бойынша электрондық құжат түріндегі өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Бұл ретте, Шарттың орындалуын қамтамасыз ету өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін Шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған жағдайда енгізбеуі мүмкін;

Осы тармақшаның талаптары тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық өндірушілер тізіліміндегі өнім берушілерге қолданылмайды.

Осылайша жауапкер Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын 28.04.2025 жылға дейін енгізуге тиіс болған.

Өнім беруші шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерін толық көлемде орындамағандықтан, тапсырыс беруші 29.04.2025 жылы өнім берушіге шартты бұзу туралы хабарлама жіберген. Шарт 06.05.2025 жылдан бастап бұзылған.

Тараптар арасында түзілген 14.04.2025 жылғы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №134 шартқа сәйкес, Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес 14.05.2025 жылға дейін 20 дана 86 000 теңгеге тауар «Кабельдік аша» жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

Шарттың 3.1. тармағының 2) тармақшасына сәйкес, Өнім беруші Шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы құрайтын Шарттың сомасының 4 300.00 теңгеге тең бес пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын, бұл жалпы 4 300.00 ((төрт мың үш жүз тенге нөл тиын)) теңгені құрайды:

әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша;

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 44-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 45-қосымшаға сәйкес үлгілік нысан бойынша электрондық құжат түріндегі өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Документ подписан: Батжалова Г. М., 19.06.2025

Дата вступления в законную силу: 28.07.2025, судья Бертыбаева С. Т., 28.07.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Бұл ретте, Шарттың орындалуын қамтамасыз ету өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін Шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған жағдайда енгізбеуі мүмкін;

Осы тармақшаның талаптары тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық өндірушілер тізіліміндегі өнім берушілерге қолданылмайды.

Осылайша жауапкер Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын 28.04.2025 жылға дейін енгізуге тиіс болған.

Өнім беруші шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерін толық көлемде орындамағандықтан, тапсырыс беруші 29.04.2025 жылы өнім берушіге шартты бұзу туралы хабарлама жіберген. Шарт 06.05.2025 жылдан бастап бұзылған.

Осылайша, осы нормаларға сәйкес шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсынбаған, өтпеген сатып алуды бір көзден алу тәсілі бойынша мемлекеттік сатып алудың жеңімпазы шарт жасасудан жалтарған болып саналмайды және олармен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған өнім беруші ретінде жіктелуге жатады.

Ұсынылған материалдардан жауапкер өтпеген сатып алулар бойынша бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алудың жеңімпазы болып табылатыны, жасалған шартқа сәйкес ол 28.04.2025 жылға шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қамтамасыз етпегені, осылайша шартты қамтамасыз ету бойынша қабылданған міндеттемелерді орындамағаны анықталды.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Заңының 8-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, жауапкер шарттың орындалуын қамтамасыз ету бойынша өз міндеттерін орындамағанын және шартты бұзуын ескере отырып, сот жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану бөлігінде талап қанағаттандырылуға жатады деген қорытындыға келеді.

АПК-нің 117-бабының 1-бөлігін негізге ала отырып, сот жауапкерден 1 966 теңге мемлекеттік бажды төлеуге кеткен сот шығындарын өндіріп алады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

Документ подписан: Баткалова Г. М., 19.06.2025

Дата вступления в законную силу: 28.07.2025, судья Бертыбаева С. Т., 28.07.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Астана Опера» Мемлекеттік опера және балет театры» коммерциялық емес акционерлік қоғамының жеке кәсіпкер «Құлназар» в лице - Құлназар Аймұрат Амандықұлына қойған мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Құлназар» в лице - Құлназар Аймұрат Амандықұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Құлназар» в лице - Құлназар Аймұрат Амандықұлынан мемлекет кірісіне 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **Г.М.Баткалова**

Документ подписан: Баткалова Г. М., 19.06.2025

Дата вступления в законную силу: 28.07.2025, судья Бертыбаева С. Т., 28.07.2025